



БҰЙРЫҚ

2021 жылғы 18 қаңтар

Степногорск қаласы

ПРИКАЗ

№ 08

г.р.н Степногорск

**Білім беру
мекемелерінде сыбайлас жемқорлыққа
қарсы іс-қимыл туралы**

Жалпы орта білім беру ұйымдарында білім алушылар мен тәрбиеленушілердің білім алуын іске асыру мақсатында, олардың құқықтарын қамтамасыз ету, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 10 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңына, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі бекіткен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты әзірлеу бойынша әдістемелік ұсынымдарға, «Ақмола облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартының негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Білім беру мекемелерінің әкімшілігі мен қызметкерлері:

1.1. Ата-аналар мен оқушылардан мектептің, сыныптың, топтардың әр түрлі қажеттіліктеріне ақша қаражатын жинау, сыбайлас жемқорлық әрекеттері фактілеріне жол берілмесін.

1.2. Нормативтік құжаттаманың болмағаны жағдайда ата-аналар мен оқушыларға ақылы репетиторлыққа және осы қызмет түрін жүзеге асырмауға түсіндірілсін.

1.3. 2020-2021 оқу жылының екінші жартыжылдығында оқушылар, ата-аналар, БМ қызметкерлеріне арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасын қалыптастыру жөніндегі іс-шаралар жоспары жаңартылсын.

1.4. Степногорск қаласының білім бөлімінің «Білім беру мекемелерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер туралы» бұйрығының мазмұны ата-аналардың, білім алушылардың заңды өкілдерінің ақпараттандырылуын қамтамасыз етсін.

1.5. Білім беру ұйымдарына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға байланысты шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантинді енгізу кезеңінде дезинфекциялау құралдары, балалар мен қызметкерлердің санитариялық қауіпсіздік құралдары қалаптын жергілікті бюджеті есебінен сатып алынады. Ата-аналар мен оқушылардан ақша жинауға қатаң тыйым салынады.

1.6. Әр тоқсанның соңында Қамқоршылық кеңесінің, ата-аналар қауымдастығының алдында білім мекемесіне жұмсалған қаржы мәселесі бойынша толық ақпарат берілсін.

2. Білім беру мекемелерінің басшылары:

2.1. Сыбайлас жемқорлық әрекеттері туындаған жағдайда жүгінген азаматтардың өтініптерін қарау мәселелері уақтылы, тұрақты бақылауда ұтасын. 000278

Бұл құжаттың мәні мен мазмұны Қазақстан Республикасының заңдарымен сәйкес келетіндігіне қамтамасыз етіледі. Бұл құжаттың мәні мен мазмұны Қазақстан Республикасының заңдарымен сәйкес келетіндігіне қамтамасыз етіледі.

- 2.2. 2020-2021 оқу жылындағы мемлекеттік қорытынды аттестаттау өткізілуі кезінде білім алушылардың құқықтарының сақталуы қамтамасыз етілсін.
 - 2.3. Мемлекеттік қорытынды аттестаттау өткізілу кезінде заңдылықтың және ақпараттық қауіпсіздік шараларының сақталуын қамтамасыздандырсын.
 - 2.4. Мемлекеттік қорытынды аттестаттау өткізілу барысында, Соңғы қоңырау, мектепті бітіру кештерінде мектеп қызметкерлерінің сыйлық алуына қатаң түрде тиым салынсын.
 - 2.5. Білім мекемесінде сыбайлас жемқорлық орын алған жағдайда білім бөлімі уақытымен хабардар етілсін;
 - 2.6. Мектеп сайттарына оқу жылына арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шараларды іске асыру туралы жоспары, ақпараттық-талдау материалдары жүйелі түрде орналастырылсын.
 - 2.7. Токсан сайын бюджеттен тыс қаражаттың пайдаланылуы туралы есепті мектеп сайтына орналастырылсын.
3. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау білім бөлімі басшысының орынбасары А.Оспановаға жүктелсін.

Білім бөлімінің басшысы



(Handwritten signature)

С.Шабаров

Орнатылған: А.Оспанова, 6-15-14